3) Қазақстан Республикасының өңірлері мен ауылдық аудандарды дамытуға үлес қосу, оның ішінде шалғай аудандардағы инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылымды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің инфрақұрылымын дамыту;

4) ауыл шаруашылығын, машина жасауды, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, креативті индустрияны, өндірістік емес секторды қоса алғанда, экономиканың басқа да секторларында ынтымақтастыққа жәрдемдесу және мүмкіндіктер жасау;

5) елдің жалпы ұлттық құндылықтарын «Үлкен ел-Үлкен отбасы» жалпы ұлттық жобамен тығыз біріктіріп, туризмнің жалпы ұлттық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын насихаттауға ықпал ететін, әлеуметті – мәдени, этникалық, медициналық, спорттық, қажылық, ғылыми-танымдық, балалар мен жасөспірімдер туризмі түрлері мен басқа да түрлерін қоса алғанда, ұлттық және мемлекетаралық өзара түсіністікті ілгерілетуге ықпал ететін жағымды және өнімді мәдениет аралық қатынастар құруға жәрдемдесу;

6) Республиканың өңірлік және әлемдік нарықтарда танымдылығын белсенді елдік

маркетингін және Ұлы Жібек жолы брендин жылжыту арқылы арттыру;

7) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени Мұра тізіміне енген тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесі кіретін Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасы.

Қазақстан Республикасында туризм индустриясын дамытудың стратегиялық пайымдауы – бұл 2023 жылға қарай Қазақстанды жаһандық танымал туристік дестинация ретінде бекіту.

Экономиканы әртараптандырудың және республика халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттырудың ұлттық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында туризм индустриясы туризмнің ішкі және халықаралық нарықтарында тартымды туристік өнімдерді ұсынатын туризмнің кәсіби қызметкерлері шұғылданатын бәсекеге қабілетті туристік бизнесі бар белгілі бір туристік кластерлерде дамуға тиіс. Осы бағыттағы даму барлық жұмылдырылған мүдделі тараптар – мемлекет, бизнес және қызметкерлер үшін туристік қызметтен түсетін кірістердің қуатты және тұрақты өсуіне ықпал етуге тиіс.

Туристік кластерді құру іс жүзінде аумақтың тұрпатын айқындайды және өңірдің он имиджін қалыптастыруға әсерін тигізеді, бұл жалпы алғанда жоғары ықпалдастырылған туристік ұсыныстар мен бәсекеге қабілетті туристік өнімдерді құрады. Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясаты тұжырымдамасының басымдылықтарын ескере отырып, Қазақстанда алты мәдени-туристік кластер құрылуы мүмкін: Астана – Еуразия жүрегі, Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы, Алтай маржаны, Ұлы Жібек Жолын жаңғырту, Каспий қақпасы, Табиғат пен көшпенді мәдениеттің тұтастығы.

«Астана – Еуразия жүрегі» - бұл кластерге Астана қаласы кіреді. Осы кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдер – бұл МІСЕ-туризм және қысқа мерзімді демалыс.

«Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» - бұл кластерге Алматы қаласы мен Алматы облысының бөлігі кіреді. Алматы қаласы кластердің орталығы болып, онда туристік қызығушылықтың мынадай негізгі орындары айқындалады:

- 1) Петроглифтері бар Тамғалы археологиялық ландшафты (ЮНЕСКО объектісі);
- 2) ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 3) Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы Шарын шатқалы;
- 4) Қапшағай су қоймасы;
- 5) «Ақбұлақ» халықаралық туристік орталығы;
- 6) ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бар Алматы қаласы маңындағы тау шаңғысы аймақтары;
- 7) Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 8) «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 9) Ұйғыр ауданындағы «Кара Дала» бальнеологиялық курорттық аймақ
- 10) Хан Тәңірі шыңы – Қазақстанның ең биік шыңы.

Болашақта кластер Алматы облысының басқа бөліктерін қосып кеңейі, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген жаңа туристік қызығушылық орындарын – Балқаш көлін, Ешкіөлмес петроглифтері бар Жетісу Алатау тау сілемдерін, Есік қорғандары мен «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясына енгізілген объектілерді (Талғар қалашығы, Боралдай сақ қорғандары) ұсынуы мүмкін.

Алматы халықаралық тау, іскер және тау шаңғысы туризмінің орталығы болады және «Қаладағы және таулардағы ойын-сауық» кластері ретінде сипатталатын болады. Аталған кластер ұсынатын негізгі туристік өнімдерге МІСЕ-туризм, мәдени туризм және турне, таулардағы және көлдердегі демалыс және қысқа мерзімді демалыс жатады.

Алтай маржаны Шығыс Қазақстан облысының солтүстік және шығыс бөліктерін қамтиды. Өскемен қаласы кластердің орталығы болады, мұнда алты маңызды туристік қызығушылық орындары айқындалған:

- 1) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы-мұражайы объектілері;
- 2) Бұқтырма су қоймасы;

- 3) Ертіс өзені – Зайсан көлі;
- 4) Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 5) Қалжыр шатқалы;
- 6) Риддер – Анатау мен Иванов таулары;
- 7) Алакөл көлі;
- 8) Семей қаласы.

Болашақта кластер Шығыс Қазақстанның қалған бөліктерін қамти отырып кеңеюі мүмкін.

Алтай маржаны «Табиғаттың ғажайып әлемі» ретінде сипатталып, экологиялық туризмді дамыту орталығы болып табылады.

Аталған кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдерге белсенді және қызық оқиғалы туризм, таулар мен көлдердегі демалыс жатады.

«Ұлы Жібек Жолын жаңғырту» Қызылорда облысының орталық және шығыс бөліктерін, Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бөлігін, Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігін қамтитын кластер болып табылады. Шымкент қаласы кластердің орталығы болады, онда мынадай туристік қызығушылықтың орындары ұсынылған:

- 1) Ежелгі Түркістан және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы-мұражайы объектілері (ЮНЕСКО объектілері);
- 2) ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген ортағасырлық Отырар қалашығының және отырарлық алқаптың археологиялық объектілері;
- 3) Сауран археологиялық кешені;
- 4) Палеолиттік учаскелері мен геоморфологиясы бар Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы; ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген Арпаөзен петроглифтері;
- 5) Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 6) «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік ұлттық табиғи қорығы;
- 7) Байқоңыр ғарыш айлағы;
- 8) Қызылорда, Сарыағаш, Тараз қалалары;
- 9) «Қасқасу» тау курорты.

Болашақта кластер үш облыстың қалған бөліктерін қамти отырып, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген түркіге қасиетті Меркі, сондай-ақ «Жібек жолы» сериялық ұлтаралық номинациясына енгізілген объектілер (Жетіасар алқабының ескерткіштері, Сығанақ қалашығы) секілді жаңа туристік қызығушылық орындарын ұсынуы мүмкін.

Ұлы Жібек Жолын жаңғырту кластері «Ұлы Жібек жолының жүрегі» ретінде сипатталатын болады. Аталған кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдерге мәдени туризм мен турне жатады.

«Каспий қақпасы» барлық Маңғыстау облысын және Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарының бір бөлігін қамтитын кластер болып табылады. Ақтау қаласы аталған кластердің орталығы болып табылады, мұнда мынадай туристік қызығушылық орындары орналасқан:

- 1) Бекет ата, Шопан ата және Қараман ата жер асты мешіттері мен Омар мен Тұр кесенесі;
- 2) Маңғышлақ түбегіндегі қорымдар;
- 3) Шерқала тауы;
- 4) Қарақия-Қаракөл мемлекеттік табиғат қорығы;
- 5) «Бөкей Ордасы» ескерткіштер кешені;
- 6) «Сарайшық» қалашығы.

Аталған кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдерге жағажай туризмі, мәдени туризм және турне жатады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізін іске асыру шеңберінде өңірлердің бірегей объектілері мен республиканың батыс және шығыс «шекара

қақпаларындағы» тиісті жағдайлармен туристердің орналасуы, демалысы мен қажетті сервистік қызметтер алуы үшін қазіргі заманғы туристік инфрақұрылым құрылады.

«Табиғат пен көшпенді мәдениеттің тұтастығы» Ақмола және Қарағанды облыстары, Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-батыс бөлігі және Павлодар облысының батыс бөлігін қамтиды. Бурабай курорттық аймағы кластердің орталығы болып табылады, онда туристік қызығушылықтың мынадай негізгі орындары орналасады:

- 1) «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 2) «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 3) «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 4) Қарағанды қаласы;
- 5) Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 6) Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- 7) Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи қамалы (зоологиялық);
- 8) Солтүстік Балқаш маңы.

Болашақта кластер ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне енгізілген жаңа туристік қызығушылық орындарымен толығыуы мүмкін: менолит дәуіріне жататын Беғазы-Дәндібай мәдениетінің қорымдары, Тасмола мәдениетінің жарқыншақ тастар қорғаны, сондай-ақ «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясына енгізілген объектілер (Бозоқ қалашығы).

Кластер көшпелі мәдениет пен дала әртүрлілігінің орталығы болады. Аталған кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдер – бұл мәдени туризм және түрлеріне, таулар мен көлдердегі демалыс, қысқа мерзімді демалыс.

Яғни, бұл дегеніміз мәдени-тарихи туризмді дамытуға арналған нақты қадамдар деп ойлаймын. Мәдени-тарихи туризмді дамыту еліміз, халқымыз үшінде жасалынған үлкен және пайдалы іс - әрекеттердің бірі болар еді. Өйткені, біз мәдени-тарихи туризмді жетілдіру барысында ашылмай қалған тарихымызды зерттейміз, жаңа тарихи орындарды ашамыз, ең бастысы туристер тартып экономиканың дамуына үлес қосамыз.

Бүгінгі таңда мәдени-тарихи туризмді дамыту үшін алдымен, инвесторларды тарту, тарихи ежелгі қалалары бар территориялардың инфрақұрылымын, олардың ескерткіштерін, ғимараттарды модернизациялау мен жөндеу мақсатында ішкі қорларды іздеу және туризм бойынша заңнаманы реттеу керек. Қалалық ортаны дамыту мақсатында тарихи аймақ шеңберінде мәдени-тарихи туризмнің арнайы қорын құра отырып, басқару жүйесін қалыптастырған да жөн.

Ежелгі қалаларды туристік орталыққа айналдыру ұлттық және халықаралық деңгейде дамыту, болашақта туризмді экономиканың ең табысты салаларының бірі болуына ықпал етеді. Ежелгі қалалар мен тарихи ескерткіштері бар жерлердің табиғи ортамен үйлесімі, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің болуы аймақтық және халықаралық мәдени-тарихи туризмнің кең дамуына негіз бола алады. Осындай қалыпта туристердің әлеуметтік топтарының қызығушылықтарын шешуге және туристердің кәсіби, әрі күнделікті тәжірибесінің кеңеюіне, ежелгі қалалар маңында туризмнің дамуына әсер етеді, ал ол өз кезегінде бірқатар экономикалық-әлеуметтік мәселелерді шешеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мәдени-тарихи туризм аймақтық дамудың басты турсурсы бола алады, өйткені оның туристерды саяхаттауға шабыттандыратын өте маңызды сипаттамалары жеткілікті. Бүкіл әлем бойынша туристердың өзін-өзі дамытуға деген ынталары өсіп келе жатыр, басқа елдің мәдениетімен, тарихымен, ерекше ескерткіштерімен, бұрын сол елдің аумағында болған тарихи оқиғалармен танысып, жаңаны үйренуге деген қызығушылықтары артуда. Тек шетелдіктерге ғана емес, өз отандастарымызға да туристік мәні бар ескерткіштерімізді таныстыратын турлар құру арқылы ішкі туризмді де дамытуымызға болады және мәдени-тарихи туризмнің аймақтық және халықаралық деңгейде дамуындағы болашағы зор сеніммен айта аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты». 2012 жылғы 27 қаңтар. [электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: [http://www.akorda.kz/kz/page/kazakstan-respulikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh\\_1341124121](http://www.akorda.kz/kz/page/kazakstan-respulikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh_1341124121)
2. Закон РК от 13 июня 2001 года №211 «О туристской деятельности в Республике Казахстан» // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001. - №13-14.
3. Қазақстан Республикасының мәдени мұралары [электрондық ресурс].- Кіру тәртібі: <http://www.madenimura.kz/2011>

## **АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ПЕН САҚТАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ**

**Досанова Айымгүл Арстанбекқызы**

*«Құқық» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті*

**Қуатова Айгүл Акимқызы**

*Ғылыми жетекшісі, заң ғылымының магистр, аға оқытушы*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Азаматтық құқық – Қазақстан Республикасының құқық салаларының бірі болғандықтан күнделікті тыныс тіршілікпен, сондай-ақ азаматтардың заңды тұлғалар мен мемлекеттің өзімен, оның әкімшілік, аумақтық бөліністерімен тығыз байланысты. Азаматтық құқықты зерттемес бұрын азаматтық құқықтың пәнін анықтап, басқаша айтқанда мұның пәні не екенін белгілеп алуға тиістіміз. Ал Азаматтық құқықтың пәнін анықтаудың өзі оңай шаруа емес, өйткені Азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың ауқымы өте кең де сан қырлы. Құқық жүйесі іштей құқық салаларына бөлінетіндігі белгілі.

*Түйінді сөздер:* азаматтық құқық, әкімшілік аумақ, Азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар.

---

## **СООТНОШЕНИЕ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА И СТРАХОВОГО ПРАВА**

**Досанова Айымгүл Арстанбекқызы**

*Студент 3 курса образовательной программы «Право»*

**Қуатова Айгүл Акимовна**

*Научный руководитель, магистр юридических наук, старший преподаватель*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

Гражданское право как одна из отраслей права Республики Казахстан неразрывно связано с повседневной жизнедеятельностью, а также с юридическими лицами и самим государством, его административными, территориальными делениями. Прежде чем исследовать гражданское право, мы должны определить предмет гражданского права и, другими словами, определить, что это за предмет. А само определение предмета гражданского права - дело непростое, поскольку круг общественных отношений, регулируемых гражданским правом, очень широк и многогранен. Известно, что система права внутренне делится на отрасли права.

*Ключевые слова:* гражданское право, административная территория, общественные отношения, регулируемые гражданским правом.

---

## **CORRELATION OF CIVIL LAW AND INSURANCE LAW**

**Dossanova Aiyimgul Arstanbekkyzy**

*3rd year student of the educational program «Law»*

**Kuatova Aigul Akimovna**

*Scientific adviser, master of law, senior lecturer*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

Civil law as one of the branches of the law of the Republic of Kazakhstan is inextricably linked with everyday life, as well as with legal entities and the state itself, its administrative, territorial divisions. Before investigating civil law, we must define the subject of civil law and, in

other words, determine what kind of subject it is. And the very definition of the subject of civil law is not an easy matter, since the range of public relations regulated by civil law is very wide and multifaceted. It is known that the legal system is internally divided into branches of law.

*Key words:* civil law, administrative territory, public relations regulated by civil law.

---

Азаматтық және азаматтық заңдар ұғымына, жүйесіне және олардың қолданылуына қатысты барлық мәселелер көлемін зерттейтін құқықтық ғылым саласын азаматтық құқық ғылымы деп таниды. Азаматтық құқық ғылымының міндеті - азаматтық-құқықтық нормалар жүйесінің және оның жекелеген буындарының пайда болуы мен мазмұнының ерекшеліктерін анықтайтын жағдайларды зерттеу. Егер азаматтық құқықтың пәні қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласы болса, азаматтық құқық ғылымының пәні құқықтық нормалардың жиынтығы-нақ азаматтық құқықтың өзі болып табылады. Әлбетте бұл пән азаматтық құқықтық нормалар реттейтін қоғамдық қатынастарды да, бұл нормалардың заңдарда бейнеленуінде, олардың әр түрлі мемлекеттердегі ерекшеліктерін де, оларға сын тарапынан берілген бағаны да және жетілдіру мүмкіндіктерін де қамтиды.

Азаматтық құқық ғылымы бұрын қолданылып келген құқықтық жүйелерді, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін, даму бағыты мен оған ықпал ететін факторлады бағалай келе, азаматтық құқықтың даму тарихына айтарлықтай көңіл бөледі.

Азаматтық құқықтың даму тарихын зерттеуде ғылымның өзінің, оның жасаушылары мен зерттеушілерінің тарихы, ғылыми тұжырымдамалары мен көзқарастардың тарихы едәуір орын алады. Азаматтық құқық ғылымы дүние жүзі құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін зерттейді, мұндай ерекшеліктердің пайда болу себептерін анықтайды, оларды салыстырды және бағалайды. Азаматтық құқықтық ғылымның бұл саласы салыстырмалы құқықтану ғылымының едәуір бөлігін құрайды.

Азаматтық құқық ғылымы қолданыстағы азаматтық заңдарға және оның практикалық тиімділігіне сыни баға беруге зор көңіл бөледі, заң актілерін дайындау барысында жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді, құқықты қолданудың нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларына заңдардың сәйкестігін анықтайды, заңдардағы олқылықтарды көрсетеді және оларды жою жолдарын ұсынады, құқықтық нормаларды жетілдіруге жәрдемдеседі, осы мақсатпен дүние жүзілік тәжірибе байыппен зерттеледі.

Азаматтық құқық ғылымы қашан да ғылыми көзқарастардың, мектептер мен бағыттардың күрес жүргізуі жағдайында дамыды. Мұндай күрес ғылыми ұстанымдар мен идеялардың әлсіздігін анықтауға, ғылыми ақиқатты дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ол әдетте ғылыми пікірталастар, айтыстар түрінде, арнаулы ғылыми жарияланымдар мен мерзімдер баспасөз бетінде, ғылыми конференцияларда, семинарларда, талқылауда, басқа да ғылыми кездесулерде, аудиторияға, ғылыми қарсыластар мен оппонентерге жауап беруге, өзінің ұстанымдары мен тұжырымдамаларын қорғауға мүмкіндік беретін өзге де түрлерде жүргізіледі.

Кеңестік цивилист-ғалымдардың атап өтерлік жақсы қасиеті-олар тіпті қатаң цензура және практикалық мемлекеттік идеологияға сай келмейтін пікірлер мен көзқарастарын ашық қорғау білді. Сол кездегі ғылыми пікірталастарға айтылған көзқарастарын көпшілігін азаматтық құқық ғылымы жаңа, қазіргі даму жағдайларында да түсінікпен қабылдады. Мысалы, цивилист ғалымдардың «шаруашылық құқығы» тұжырымдамасына қарсы ондаған жылдарға созылған ғылыми күресін, азаматтық құқық пәні және қоғамдық қатынастарды реттеудің азаматтық құқықтық әдісі туралы, заңды тұлғаның әсіресе, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің мәні және басқалары туралы қызу пікірталастарын атап көрсетуге болады. Сол пікірталастар үстінде ұсынылған көптеген қағидалар қазір де Қазақстанның азаматтық құқықтық ғылымының қаруы болып келеді.



Өздерінің қажеттерін қанағаттандыру барысында азаматтар мен заңды тұлғалар үнемі өзара әр түрлі қатынастарға түсуге мәжбүр болады. Адамдар (олар құрған ұйымдар-заңды тұлғалар <sup>1)</sup> арасында қалыптасатын нақты қатынастар сан түрлі болады. Оларды әртүрлі әлеуметтік нормалар, атап айтқанда, моральдық және этикалық нормалар реттеп отырады. Мұндай қатынастардың айтарлықтай бөлігін құқық нормаларды реттейді, олар құқықтық қатынастар нысанына ие болады. Құқықтық реттеудің нәтижесінде қолданыстағы қоғамдық қатынастармен қатар, әлде бір жаңа қатынастар пайда болмайды. Құқықтық қатынастар дегеніміз-бұл нақты қатынастардың нысаны ғана.

Қоғамдық қатынастарды құқықтың түрлі салаларының нормалары реттеп отырады. Азаматтық құқық негізінен меншік қатынастарын және тауар-ақша айналымы саласында қалыптасатын қатынастарды реттейді. Азаматтық құқық сондай-ақ өзіндік мүліктік емес қатынастарды да реттейді. Мүліктік емес игіліктер өзіндік мүліктік емес қатынастардың объектілері бола алады. Азаматтық құқық нормалары реттеген қоғамдық қатынастар сапасына ие болады. Азаматтық – құқықтық қатынастар дегеніміз-азаматтық құқық нормалары реттеген қоғамдық қатынастар.

Азаматтық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері, азаматтық құқықтық реттеудің объектісі мен әдісіне байланысты. Азаматтық құқықтық қатынастардың аса маңызды белгісі, ең алдымен, оған қатысты сушылардың заң жүзіндегі теңдігі. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері билік пен өзара бағыну қатынастарында болмайды, өзара міндеттермен және құқықтармен ғана байланысты болады. Азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың бірінің екіншісіне міндеттерін орындау жөнінде талап қоюы биліктің өкілетігіне емес, оған тиесілі субъективтік азаматтық құқыққа сүйенеді.

Азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерінің теңдігін олардың мүліктік дербестігіне сүйенеді. Азаматтық құқықтық қатынастар ерікті болады. Әдетте мұндай қатынастар оларға қатысушылардың қалауы бойынша жасалады, өйткені азаматтық құқықтық қатынастардың басым бөлігі шарттың негізінде болады. Алайда олар өзге де себептермен пайда болатын жағдайда мұндай құқықтық қатынастардың мазмұнын құрайтын құқықтар мен міндеттер қатысушылардың ерікті әрекетімен жүзеге асады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың түрлері. Азаматтық құқықтық қатынастардың нормалары реттейтін объектіге қарай азаматтық құқықтық қатынастардың мынандай түрлерін ажыратады:

- 1) мүліктік қатынастар
- 2) мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес өзіндік қатынастар
- 3) мүліктік қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес өзіндік қатынастар

Азаматтық құқықтық реттеудің объектісі, ең алдымен мүліктік қатынастар болғандықтан, азаматтық құқықтық қатынастардың басым бөлігі мүліктік сипатта болады. Мүліктік азаматтық құқықтық қатынастардың объектісі материалдық игіліктер мен құқық (мүлік) болып табылады.

Меншік қатынастары, мүліктің бір тұлғадан екінші тұлғаға өтуіне (сатып алу-сату, айырбас, займ және т.с.с) делдалдық жасайтын қатынастар мүліктік азаматтық құқықтық қатынастарға жатады. Интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелері мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес өзіндік құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады. Интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелеріне құқық мүліктік емес сипатта болады (авторлық құқығы, шығармаға қол сұғылмау құқығы және т.с.с) алайда оларды басқа тұлғаладың пайдалануы арқылы негізде жалпы ереже бойынша жүргізіледі, осының салдарынан аталған құқықтық қатынастар мүліктік емес болғандықтан, мүліктік қатынастармен байланысты болып шығады. Адамның жеке басына қатысты материалдық емес құқықтар мен игіліктер-ар-намыс, қадір қасиет, іскерлік бедел және т.с.с мүліктік

қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес өзіндік қатынастардың объектісі болып табылады.

Сонымен қатар Абсолюттік және салыстырмалы азаматтық құқықтық қатынастар болады. Абсолюттік құқықтық қатынастармен құқық берілген адамға міндетті ретінде үшінші адамдардың беймәлім тобы қарсы тұрады, мұндай құқықтық қатынастарда іс жүзінде әркім және барша жұрт міндетті болып шығады. Мысалы, меншіктің құқықтық қатынастары абсолюттік қатынастарға жатады, мұнда меншіктің субъективтік құқығына барлық үшінші тұлғалардың бұл құқықты бұзбау, оны жүзеге асыруға кедергі жасамау міндетті ұштасады. Салыстырмалы құқықтық қатынастарда нақты адам міндетті болып табылады. Салыстырмалы құқықтар құқық берілген тараптың да міндетті тараптың да нақты тұлғаларын байланыстырады, яғни дербестелген болып табылады. Мәселен зиян келтірген адам жәбірлеушіге зиянның орнын толтыруға, сатып алушы өзі сатып алған заттың құнын төлеуге міндетті. Кез-келген адам абсолюттік құқықты бұзып алуы мүмкін, тиісінше, мұндай құқық субъектісіне оны кез келген адамның бұзуынан қорғау құқығы ұсынылады. Мәселен автордың шығармасына қол сұғылмау құқығын кез келген адам бұзуы мүмкін. Салыстырмалы құқыты міндетті адам ғана бұза алады. Мердігер атқарған жұмыстың ақысын талап ету құқығын тек тапсырыс беруші бұза алады. Демек, салыстырмалы құқық нақты адамдар тарапынан болатын құқық бұзушылықтан қорғаумен қамтамасыз етілген, келтірілген мысалда-тапсырыс беруші тарапынан қорғалады.

Азаматтық құқықтық қатынастар заттық және міндеттемелік азаматтық құқықтық қатынастар болуы мүмкін. Заттық құқықтық қатынастарда құқық берілген субъектінің затқа өзінің әрекетімен ғана жүзеге асатын құқығы болады. Заттық құқықтық субъектісі өзінің затқа деген мүддесін басқа адамдардың көмегімен жүгінбестен, затқа иікелей әсер ету жолымен қанағаттандыра алады. Атап айтқанда, меншік құқықтық қатынастары заттық құқықтық қатынастар болып табылады. Меншік иесіне өзіне тиесілі затты иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы, ал міндетті субъектілер-қандай да бір әрекеттер жасамауы тиіс, оларға меншік иесінің өз құқығын жүзеге асыруына кедергі жасамау жөнінде енжар міндет жүктеледі. Міндеттемелік құқық субъектісінің затқа деген мүддесі басқа адамның белгілі бір әрекеттер жасауы жолымен қанағаттандырылуы мүмкін. Міндеттемелік құқықтық қатынастарда құқық берілген адам міндетті адамның белгілі бір әрекеттер жасауды талап етуге құқылы («бөгде әрекет» құқығы). Мәселен, сатып алушы сатушыдан өзіне затты беруді талап ете алады, ал сатушы оны сатуға, яғни белгілі бір әрекеттер жасауға міндетті.

Зат қашан да заттық құқықтық қатынастардың объектісі болып саналады, ал міндеттемелік қатынастардың объектісі-зат болмауы мүмкін. Мысалы, баспа мен автордың арасындағы әдеби туынды жасау жөніндегі шарттан туындаған құқықтық қатынастың объектісі зат емес, интеллектуалдық қызметтің нәтижесі-әдеби шығарма болады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері

Азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушы тұлғалар олардың субъектілер болып табылады. Азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерінің ауқымы АҚ-ның 2-тарауында айқындалған. Құқық оның ішінде азаматтық құқық реттеп отыратын қатынастар қоғамдық қатынастар, яғни адамдар арасындағы қатынастар болып табылады. Жекелеген индивиттер, сондай-ақ олар құрайтын ұжымдық түзілімдер осындай қатынастардың қатысушылары бола алады. 3-нәтижелерінде және өзге де нормативтік құқықтық актілерде азаматтық құқық субъектілерін белгілеу үшін әдетте «тұлғалар» деген жинақтаушы термин пайдаланылады. Азаматтық құқықтық қатынастарға құқық берілген немесе міндетті адам ретінде қатысу мүмкіндігін құқық субъектіліктің болуын талап етеді, ол құқық қабілетілігі мен әрекет қабілетігін қамтиды. Азаматтық құқықтық қатынастарды иеленіп, міндеттер атқару қабілетін құқық қабілеттігі деп түсінеміз. Өз әрекеттерімен құқықтарды иеленіп, оларды жүзеге асыру, сондай-ақ міндеттерді белгілеп, орындау қабілеті әрекет қабілеттілігі болады.

Жеке индивиттерді жеке адамдар деп атайды. «Жеке адамдар»<sup>2</sup> ұғымы Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қамтиды. Басым көпшілік жағдайда азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері Қазақстан Республикасының азаматтар болады, сондықтан құқықтық нормаларда, әдетте, азаматтар жөнінде сөз болады. Бұл осындай нормалардың қағидалары тек Қазақстан Республикасының азаматтарына таралады дегенді білдірмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәкес, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

Егер олардың заңды тұлға мәртебесі болса, адамдар құратын ұжымдық құрылымдар (ұйымдар) азаматтық құқық субъектілері болып танылады. Ұйымдар филиалдар мен өкілдіктер азаматтық құқықтық субъектілері бола алмайды, өйткені олар заңды тұлғалар болып танылмайды. (АК 43-бабы). Меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес өзіндік құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыратын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады. (33-бап). Қызметтің мақсаттарына қарай заңда тұлғалар коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғаларға бөлінеді. Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс табуды көздейтін заңды тұлғалар коммерциялық ұйымдарға жатады. Коммерциялық емес ұйымдар табыс табудан өзге мақсаттар үшін құрылады. Мәселен, діни бірлестіктердің негізгі мақсаты бірлесіп ғибадат ету және тиісті дінді тарату болып табылады. Заң актілерінде көзделген ұйымдық құқықтық нысандарда ғана заңды тұлғалар құруға болады. Коммерциялық ұйымдар үшін мұндай нысандардың жеткілікті тізбесі Азаматтық кодексте берілген (34-бап).

Жеке және заңды тұлғалармен қатар, азаматтық құқықтық қатынастардың қатысушылары мемлекет мен әкімшілік аумақтық бөліністер болуы мүмкін, бұлар азаматтық құқықтық қатынастарды осы қатынастардың өзге де қатысушыларымен тең негіздерде әрекет етеді (АК-ның 111, 112-баптары). Мемлекет пен әкімшілік аумақтық бөліністер заңды тұлғалар болып табылмайды, алайда заңды тұлғалардың азаматтық құқықтық қатынастарға қатысуын анықтайтын нормалар бұларға қолданылады (заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа реттерде).

Осыған орай, жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасы және әкімшілік аумақтық бөліністер азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері бола алады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері. Құқықтық қатынастардың объектілері жөнінде заң әдебиеттерінде әр түрлі көзқарастар бар. Бір автордың пікірінше, олардың субъектілерінің мінез-құлқы ғана құқықтық қатынастардың объектісі бола алады. Ал оның субъектілерінің материалдық немесе материалдық емес игілігіне бағытталған мінез-құлқы, тиісінше, азаматтық құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады. Цивилистердің көпшілігі қуаттайтын пікір бойынша, құқықтық қатынастар объектісі азаматтық құқықтық қатынастардың да объектісі бола алады.

Азаматтық құқықтар объектілерінің негізгі түрлері АК-ның 115-бабында аталған, мұнда олар мүліктік және мүліктік емес өзіндік игіліктер мен құқықтарға бөлінеді. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға, атап айтқанда, заттар, ақша, оның ішінде шетелдік валюта, бағалы қағаздар, жұмыстар, көрсетілген қызмет, шығармашылық интеллектуалдық қызметінің объективтелген нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және өзге де дараландыру құралдары, мүліктік құқықтың өзі де жатады. Мүліктік емес өзіндік құқықтар мен игіліктерге адамның өмірі, денсаулығы, ар-намысы, қадір-қасиеті, іскерлік беделі, ізгі

атағы, жеке өміріне қол сұғылмайтындығы, жеке және отбасылық құпиясы есіміне құқығы, авторлық құқығы, шығармашылығына қол сұғылмау құқығы және басқа материалдық емес игіліктері мен құқықтары жатады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері.

Азаматтық құқықтық атынастар ұғымына бұл-құқыққа қабілетті адамдар арасындағы заң нормалары реттеген қатынас деген түсінік келіп шықты. Демек, құқықтық қатынастар тууы үшін құқықтық норма болуы тиіс, ал осы түрдің құқықтық қатынастарының және оның қатысушылары бола алатын субъектілердің құқық қабілеттілігінің пайда болуын көздейді. Алайда мұндай мән жайлардың болуы өзінен-өзі белгілі бір қатысушылар арасында құқықтық қатынастарды туғыза қоймайды.

Басқа оның пайда болуының қажетті абстрактілік алғышарттары ғана.

Құқықтық қатынастар пайда болуы үшін адамдар арасында нақты құқықтар мен міндеттер туғызатын нақты мән-жайлар қажет болады. Азаматтық құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату үшін де осындай мән жайлар қажет болады.

Мұндай мән жайларды заңдық фактілер деп атайды. Өзіндік адрес иесі жоқ құқықтық нормалардан өзгеше, заңдық факті қашан да дербес бағытты болады. Сондықтан оны құқықтық қатынастардың нақты алғышарты деп тануға болады. Сонымен, заңдық факті дегеніміз-заң құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатуын онымен байланыстыратын мән-жай АҚ-ның 7-бабы заңдық фактіге арналған. Алайда бұл бапта аталған заңдық фактілердің тізбесі жеткілікті емес. Құқықтық қатынас субъектілерінің еркіндігі азаматтық құқықтық негізі принциптерінің бірі болып табылатындықтан (заңда тікелей тиым салынбаған нәрсенің бәріне рұқсат етілген) олар өздері үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді түзе алады, яғни 7-бапта тікелей аталмаған, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған өздерінің тікелей әрекеттерімен азаматтық құқықтық қатынастарға түсе алады. Мысалы, қаржыландыруға қатысу туралы келісім заңда тікелей аталмаған, оған тыйым да салынбаған. Сондықтан бұл келісім азаматтық құқықтар мен міндеттер туғыза алады. Құқықтық қатынастардың тууына себепші болатын ықпал ету тетігіне қарай заңдық фактілер мынандай топтарға бөлінуі мүмкін: құқықтық қатынастардың болашақ немесе осы сәттегі қатысушылардың іс-әрекеттері, үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері, оқиғалар.

Нақты жігерлі мінез-құлқ актілерін іс-әрекеттер деп түсінеміз. Олар заңды немесе заңсыз іс-әрекеттер болуы мүмкін. Заңды іс-әрекеттер өзара құқықтық қатынастардың пайда болуына бағытталған. Бұлар-мәмілелер (АҚ-ның 147-бабы), оның ішінде-шарттар. 147-бап заңда тікелей көзделген мәмілелер (шарттар) туралы (мысалы, сатып алу-сату, мердігерлік, тасымал және т.б) сондай-ақ заңда тікелей көзделмеген мәмілелер (шарттар) туралы баяндайды.

Құқықтық нәтижеге тікелей бағытталмағанымен, заңдарда белгіленген ережелерге жетуге тікелей бағытталмағанымен, заңдарда белгіленген ережелерге байланысты оны туғызатын іс-әрекеттер (мысалы, үй тұрғызу, кітап жазу, өнертабыстық жасау) орындау заңдық фактілер болуы мүмкін.

Үшінші тұлғалардың мақсатты іс-әрекеттері бойынша да құқықтық қатынастар тууы мүмкін. Әдетте бұл-әкімшілік акт (мысалы, меншік иесі-мемлекеттің мүлікті бір мемлекеттік мекемеден екіншісіне беруі).

Соттың құқық белгілейтін шешімдері де осындай актілерге жатады. Заңдық фактілердің бұл түрінің ерекшелігі-олардың жігерлі іс-әрекеттері арқылы азаматтық құқықтық қатынастар туатын үшінші тұлғалар олардың қатысушылары болып саналмайды.

Азаматтық құқықтық қатынастарды туғызатын іс-әрекеттер заңсыз, яғни заңда тікелей тыйым салынған іс-әрекеттер болып шығуы да мүмкін. Мұнда, әдетте, іс-әрекеттер жасайтын субъектілері үшін ұнамсыз болғанымен, осыған қарамастан, оларға басқа тұлғалардың келтірген залалын ретке келтіру міндетін жүктейтін құқықтық қатынастар пайда болады. Мысалы, бөтен мүлікті бүлдіру не оны заңсыз ұстап қалу. АҚ-ның 7-бабы оқиғаларды, яғни қатысушылардың еркінен тыс пайда болатын мән-жайларды да заңды фактіге жатқызады. Мұнда, ең алдымен, табиғи фактілерді атау керек (адам өлімі, жанып

кеткен сақтандырылған мүліктің құнын төлеу міндетін туғызатын найзағайдан өрт шығуы, табиғат апаттары және т.с.с.) Басқа адамдардың іс-әрекеттері құқықтық қатынастарға қатысушылар үшін объективті оқиға болуы мүмкін (мысалы, бөгде адамның үйді қасақана өртеуі өрт қоюшының жәбірленуші үй иесімен құқықтық қатынасы үшін заңсыз әрекет және үй иесінің сақтандыру компаниясымен құқықтық қатынасы үшін – оқиға болып табылады).

Заңдық фактілердің ерекше түрі-мерзімдер оқиғаларға жуықтайды. Кейбір жағдайларда құқықтық нәтижеге жету үшін бірлі-жарым заңдық фактінің пайда болуы да жеткілікті. Мәселен, бөгде мүлікті бүлдіру кінәліға залалдың орнын толтыру міндетін туғызады. Басқаша жағдайда, фактілердің белгілі бір жиынтығы болғанда ғана құқықтық нәтижеге қол жетеді. Мысалы, сатып алу-сату шартын жасасып, іс жүзінде затты беретін-бір мезгілде немесе бірінен соң бірі жасалатын екі әрекетінің нәтижесінде сатып алушыдан сатып алынатын затқа меншік құқығы пайда болады. Кейде үш, төрт, бес және одан да көп заңдық фактілердің жиынтығы бойынша ақырғы заңдық салдар туады. Қарастырылатын мұндай жиынтыққа әдетте іс жүзіндегі немесе заңдық құрам деп атайды.

Заңдық күй деп аталатын жағдайда заңдық фактілердің ерекше санатына жатқызуға болады. Бір реттік актілерді жасамаудан емес, заң құқықтық маңыз беретін тұлғаның немесе заттың белгілі бір құқықтық немесе іс жүзіндегі қасиеттері болуынан байқалатын мән-жайларды заңдық күй деп түсіну керек. Мысалы, қайтыс болған адаммен жақын туыстық байланыс – мұрагерлік құқықтық қатынастың пайда болу негіздерінің бірі.

Жеке тұлғалардың азаматтық құқық субъектілігі.

Адамдар мен олардың өздері құрайтын ұйымдар арасында азаматтық құқықтық қатынастар орнығады.

ҚР заңдар бойынша ерекше заңдық қасиетті-азаматтық құқық субъектілікті иелентін, яғни азаматтық құқықтар мен міндеттерді иеленуге және оларды жүзеге асыруға қабілетті адамдар (индивиттер).

Азаматтық құқыққа ие болып атқару қабілеті барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Азаматтық құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады.

Азаматтық құқық қабілеттілігінің негізгі ұғымы. Қазақстан Республикасының шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасымен меншіктенуге, мүлікті мұраға лаып, мұраға қалдыруға, республика аумағында еркін жүріп тұруға және тұрғылықты жер таңдауға, республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға, заң құжаттарында тыйым салынбаған кез-келген қызметпен айналысуға, дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құру, заң құжаттарында тыйым салынбаған кез-келген тұлғалармен мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу, өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармашылығына, интеллектуалдық меншік құқығы болуға, материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады, басқа да мүліктік және жеке құқықтыары болады.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі.

Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға. өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады. Заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілетігіне ие болады. Егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, барлық азаматтардың әрекет қабілеттілігі тең болады.

Құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінен айыруға және оларды шектеуге жол бермеу. Заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды.

Азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеудің заң құжаттарында белгіленген шарттары мен тәртібінің немесе олардың кәсіпкерлік не өзге де

қызиетпен айналысу құқығының сақталмауы тиісті шектеуді белгілеген мемлекеттік немесе өзге де органның құжатын жарамсыз деп тануға әкеліп соқтырады.

Азаматтық құқық қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы және құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелер жарамсыз болады, бұған мұндай мәмілелерге заң құжаттарында рұқсат берілген реттер қосылмайды. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаншыларының келісімімен жасайды.

Мұндай келісімнің нысаны заңдарда кәмелетке толмағандар жасайтын мәміле үшін белгіленген нысанға сай келуге тиіс. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге, сондай-ақ тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасасуға құқылы. Жеткілікті негізде болған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органы кәмелетке толмаған адамның өз табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өзі жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге, сондай-ақ тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасасуға құқылы. Жеткілікті негіздер болған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органы кәмелетке толмаған адамның өз табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өзі жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік ету құқығын шектеуі немесе ол құқықтан айыруы мүмкін. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар осы баптың ережелеріне сәйкес өздері жасаған мәмілелер бойынша дербес жауапты болады және өздерінің әрекеттерінен келтірілген зиян үшін осы Кодекстің ережелері бойынша жауап береді.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін мәмілелерді, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың атынан ата-анасы, асырап алушылары немесе қорғаншылары жасайды. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің жасына лайықты, жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Азаматтық әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану. Жүйке ауруы немесе ақыл есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді. Әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді. Әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған азаматтың атынан мәмілелерді оның қорғаншысы жасайды. Әрекет қабілеттілігі жоқ адам сауығып кеткен немесе денсаулығы едәуір жақсарған жағдайда сот оны әрекет қабілеттілігі бар деп таниды, бұдан кейін одан қорғаншылық алынады.

Азаматтың әрекет қабілеттігін шектеу.

Спирт ішімдіктерін немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратарын азаматтың әрекет қабілеттігін сот ҚР АІЖК-де белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Оған қамқоршылық белгіленеді. Ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Басқа мәмілелер жасауды, сонда-ақ табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін алуды және оларға билік етуді ол тек қамқоршысының келісімімен ғана жүзеге асыра алады. Азамат спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға және нашақорлыққа салынуды тоқтатқан жағдайда сот оның әрекет қабілеттілігіне қойылған шектеудің күшін жояды. Сот шешімінің негізінде азаматқа белгіленген қамқоршылықтық күші жойылады.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі

Заңды тұлғаның құқықтыры болып, өз қызметіне байланысты міндеттерді мойнына алуы мүмкін. Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқықтары болуы және заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез-келген қызмет түрін жүзеге асуы үшін азаматтық міндеттерді атқаруы мүмкін. Заң актілерінде көзделген жағдайларда белгілі бір қызмет түрін жүзеге асырушы

занды тұлғалар үшін басқа қызметпен айналысу мүмкіндігі болмауы немесе шектелуі мүмкін.

Заңды тұлғалар құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып,оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады.Айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сондай лицензия алған кезден бастап пайда болып,ол қайтарылып алынған, оның қолданылуы мерзімі өткен немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Крммерцилық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ҚР –ның заң актілерімен белгіленеді.\

#### Мұрагерлік

Мұрагерлік қайтыс болған азамат мүлкінің басқа адамға мұрагерге ауысуы.Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап мирасқорлығы талаптарымен, егер осы бөлімнің ережелерінен өзгеше туындамаса,бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір –ақ мезгілде ауысады.Мұрагерлік өсиет және заң бойынша жүзеге асады.Азаматтардың қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады.Өсиетті өзі жасауға тиіс,өкіл арқылы жасауға жол берілмейді.Мұра қалдырушы кез-келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы. Мұра қалдырушы жасаған өсиетінің оны жасағаннан кейін кез-келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.Мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға,олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір билік ету міндетін жүктеуге құқығы жоқ.Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері,ал егер ол белгісіз болса-мүліктің немесе оның бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады. Заң бойынша мұрагерліктің бірінші кезегі: заң бойынша мұрагер болу құқығын кезекте тең үлеспен мұра қалдырушының балалары,соның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары,сондй-ақ мұра қалдырушының жұбайы мен ата –анасы алады.

Екінші кезек,тең үлеспен мұра қалдырушының ата-анасы бір,ата-анасы бөлек аға інілері мен апа-сіңлілері,сондай-ақ оның әкесі жағынан да,анасы жағынан да атасы мен әжесі.

Үшінші кезек,тең үлеспен мұра қалдырушының туған немере ағалары мен апалары алады.

Төртінші кезекте,туыстық дәрежесі неғұрлым жақын туыстар туыстық неғұрлым алысырақ дәрежедегі туыстарын мұрагерліктен шеттетеді.

Туыстық дәрежесінің жақындығы ортақ ата-бабасынан туу саны негізінде анықталады.әрбір дүниеге келу бір ата дәрежесі деп аталады.

Мұрагерлікке шақырылған төртінші кезектегі мұрагерлер тең үлесте мұрагер болады.

Бесінші кезекте,егер мұра қалдырушымен бір отбасында кемінде 10 жыл бірге тұрса,тең үлеспен оның туыстас аға-інілері мен апа-сіңлілері,өгей әкесі мен өгей шешесі.

Алтыншы кезекте,тең үлеспен мұра қалдырушыныңасырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар алады.

#### Шарт ұғымы.

Екі немесе одан көп азаматтық құқықтар мен міндетемелерді белгілеу,өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады.шарттан міндетемелік,заттық,авторлық немесе өзге де құқықтық қатынастар туындауы мүмкін.Азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті.Тараптар заңдарда көзделген шартты да,көзделмеген шартты да жасаса алады.Шарттың нысаны,егер тараптар бір нысанда шарт жасасуға уағдаласса,заң бойынша шарттардың осы түрі үшін бұл нысан таоап етілмесе де,шарт оған уағдаласқан нысан берілген кезден бастап жасалды деп есептелінеді.Шарт жасасу тәртібі,офертада акцептіге<sup>3</sup>

арналған мерзім көрсетілген жағдайда егер оферта<sup>4</sup> жіберген жақ акцепті онда көрсетілген мерзім ішінде алса, шарт жасалған болып есептелінеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Қ. Жүйріков «Қазақстандағы сақтандыру: күрделі мәселелер мен дамудың болашағы» Алматы, 1994ж.
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл.
3. Ж.Тамашева «Сақтандыру – экономиканың бір саласы» Алматы ақшамы, 2004ж. 19 тамыз
4. С.Нартаев «Әлеуметтік сақтандыру кімді қорғайды» Қазақ елі, 2005ж. 25 сәуір
5. О.Лер «Сақтанушының мүддесін қорғау» Қаржы – қаражат, 7/1997ж.
6. О.Лер «Жаңаша сақтандыру жолдары» Қаржы – қаражат, 12/1997ж.
7. А.Хамитов «Сақтандырушыны таңдау – тағдырыңды тапсыру» Қаржы қаражат, 7/1997ж.
8. Құлпыбаев «Қаржы» Алматы, Экономикс 2005



## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚ

**Есеева Фариза Сериковна**

*«Құқық» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті*

**Қуатова Айгул Акимқызы**

*Ғылыми жетекшісі, заң ғылымының магистр, аға оқытушы*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақала нормалар дамуының тарихи аспектісін зерттеуге арналған кәмілетке толмағандарға зорлық-зомбылықсыз жыныстық қол сұғушылық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы. Осы саладағы заңнаманы біртіндеп дамытудың негізгі кезеңдері қарастырылудақалыптасу кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі аймақтар.

*Түйінді сөздер:* кәмілетке толмағандар, жыныстық қолсұғылмаушылық, даму тарихы, азғындық әрекеттер

---

## СЕКСУАЛЬНЫЕ ПОСЯГАТЕЛЬСТВА НА НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

**Есеева Фариза Сериковна**

*Студент 3 курса образовательной программы «Право»*

**Қуатова Айгул Акимовна**

*Научный руководитель, магистр юридических наук, старший преподаватель*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

Данная статья посвящена исследованию исторического аспекта развития норм об уголовной ответственности за ненасильственные сексуальные посягательства на несовершеннолетних. Рассматриваются ключевые этапы постепенного развития законодательства в данной области, начиная от периода формирования до наших дней.

*Ключевые слова:* изнасилование, групповые изнасилования, совершение изнасилования в состоянии алкогольного опьянения, совершенствование уголовного законодательства, меры предупреждения

---

## SEXUAL ASSAULTS ON MINORS

**Yeseeva Fariza Serikovna**

*3rd year student of the educational program «Law»*

**Kuatova Aigul Akimovna**

*Scientific adviser, master of law, senior lecturer*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

This article is devoted to the study of the historical aspect of the development of norms on criminal liability for nonviolent sexual assaults on minors. The key stages of the gradual development of legislation in this area, from the period of formation to the present day, are considered

*Key words:* Minors, sexual integrity, the history of legislation, sexual abuse.

---

Такие преступления совершаются, как правило, людьми с педофильной направленностью, то есть отдающих предпочтение в качестве сексуальных объектов мальчикам, девочкам или лицам обоих полов, намного младше их по возрасту.

Ответственность за половые преступления предусматривалась уже с древних времен, но это были, как правило, такие преступления, как изнасилование и инцест. Потерпевшими от половых преступлений ранее традиционно в различных правовых системах могли быть только женщины. В настоящее время для уголовного права характерно признание равного права полов на охрану половой свободы и половой неприкосновенности.

В условиях современности с ростом количества половых преступлений, связанного, прежде всего, с появлением информационных технологий, позволяющих распространять порнографические материалы с участием малолетних и подростков, тенденцией является усиление охраны интересов несовершеннолетних, в том числе защиты их от сексуального насилия и сексуальной эксплуатации.

В Казахстане с 1 января 2015 года действует новый Уголовный Кодекс, разработанный в целом с учетом гуманизации уголовной политики. Однако, принимая во внимание актуальность криминогенной обстановки в области половых преступлений в отношении несовершеннолетних, в Уголовном Кодексе Республики Казахстан за половые преступления против несовершеннолетних усилена уголовная ответственность, введен пожизненный запрет заниматься определенной деятельностью лицам, совершившим преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних.

